

ОӘЖ:316.612(045)

**Баймуханбетова Мейрамгуль Баймуханбетовна**

филология ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы  
e-mail: [meiramgul-82@mail.ru](mailto:meiramgul-82@mail.ru)

### **М.Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТАҒДЫР» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

Мақалада қазақ тіл білімінде М.Көпеев шығармаларындағы «тағдыр» концептісінің көрініс табуы сипатталады. Ұлттың өмір мен тағдыр туралы танымы әрбір ұлттық тілдің ішкі құндылықтарын құрайтын негізгі концептілердің бірі ретінде қарастырылады. Автор өлеңдеріндегі тағдыр концептісі өмір, өлім концептілерімен байланыста алынған. Ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісі ретінде ұлттық мәдениет, ұлттық өнер, діни дүниетаным, ұлттық таным әлемі қарастырылады, концептілік жүйесі, қолданысы айқындалады. Концептілік жүйенің эпитет, теңеу, көріктеу құралдары және еркін сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер арқылы көрінісі сипатталады. «Тағдыр» концептісі-өмірлік мәні бар адамзатқа ортақ концептілердің бірі екендігін дәлелдей отырып, зерттеушілер ғаламның тілдік моделін тануда ең алдымен ұлттың өмір мен тағдыр туралы танымына тоқталады. Тағдыр-халықтың концептуалды дүниетаным әлемін қалыптастыратын сананың маңызды категорияларының бірі екендігі айқындалған.

**Түйін сөздер:** Когнитивтік лингвистика, тағдыр, концепт, өмір, өлім, эпитет, теңеу, көріктеу, жазмыш

В статье описывается понятие «судьба» в творчестве М. Копеева в казахском языкознании. Знание нации о жизни и судьбе считается одним из основных понятий, формирующих внутренние ценности каждого национального языка. Концепция судьбы в стихах автора основана на концепции жизни и смерти. Национальная культура, национальное искусство, религиозное мировоззрение, мир национального познания рассматриваются как лингвистическое выражение национального мировоззрения, определяется система понятий и использования. Понятие системы описывается с помощью эпитетов, уравнений, средств выделения и свободных фраз и регулярных выражений. Исследуя, что понятие судьбы является одним из наиболее распространенных понятий в человеческой жизни, исследователи сосредотачиваются, прежде всего, на знании жизни и судьбы нации в распознавании языковой модели вселенной. Установлено, что судьба является одной из важнейших категорий сознания, формирующих концептуальное мировоззрение людей.

**Ключевые слова:** когнитивная лингвистика, судьба, концепт, жизнь, смерть, эпитет, уравнение, избирательность, писатель

The article describes the concept of "fate" in the work of M. Kopeev in Kazakh linguistics. The knowledge of the nation about life and fate is considered one of the basic concepts that form the internal values of each national language. The concept of fate in the author's poems is based on the concept of life and death. National culture, national art, religious worldview, the world of national cognition are considered as a linguistic expression of a national worldview, a system of concepts and use is defined. The concept of a system is described using epithets, equations, means of selection and free phrases and regular expressions. Exploring that the concept of fate is one of the most common concepts in human life, researchers focus primarily on knowing the life and fate of a nation in recognizing the linguistic model of the universe. It is established that fate is one of the most important categories of consciousness that form the conceptual worldview of people.

**Keywords:** cognitive linguistics, fate, concept, life, death, epithet, equation, selectivity, writer

Тіл білімінің когнитивтік саласы ақиқат дүниенің санадағы таңбасын зерттеуді қолға алғаннан бастап-ақ, қазақ тіл білімінде де көркем мәтін тіліне ұлттық мәдени таным өрістері мен дүниенің тілдік бейнесі тұрғысынан концептуалдық талдаулар жасала бастады. Ол ақындар шығармаларының табиғатын тіл ғылымының жаңа қырынан танытып қана қоймай, әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы шеберліктері мен олардың тіліндегі ортақ түзілген концептілер өрісін талдау арқылы айқындауға мүмкіндік береді.

Концепт – ұлттық болмысқа негізделген ұжымдық және тұлғалық санадағы ақпараттар бірлігі ретінде танымдық лингвистиканың басты ұғымы болып табылады. Ол зерттеудің

түрлі қырларына қарай лингвомәдениеттану, психолінгвистика және когнитивті лингвистикада жан-жақты қарастырылуда.

Ғалым Қ.Жаманбаеваның қазақ тіл білімінде тіл қолданысының когнитивтік негіздерін анықтаған еңбегінде былай дейді: «Қарап отырса, дара тұлға, эстетикалық форма, тіл үшеуінің бірлігі бір, ішкі тұтастығы бір екендігі аңғарылады. Сонда құндылық дегеніміз ішкі бірлігі, ішкі тұтастығы бір дүниелерден, терең негізді семиотикалық жасалымдардан құралып, сол арқылы жеке адамның сана бітімін айқындайтын жүйе» [4,10б.].

Демек, жеке адамның шығармашылық санасы арқылы танылған эстетикалық

форманың тілдік көрінісі күрделі біртұтас құрылым болып табылады. Дүниенің тілдік моделін бейнелейтін тілдік ақпарат жүйесінде дара тұлғаның ақиқат дүниеге қарым қатынасы танылады. Ол - концептілер жүйесін құрайды. Сондықтан да дара тұлғаның танымын айқындау - когнитивтік лингвистиканың негізгі нысаны болып табылады.

Бұл жөнінде В.И. Постовалова «концептілік талдаудың мақсаты - бір ғана таңбаның аясында жинақталатын жалпы концептілерді тауып, когнитивті құрылымындағы сол таңбаның болмыс бітімін анықтау» - деп, негізгі тірек концепт аясында танылатын болмысты тануды когнитивтік лингвистиканың міндеті негізінде қарастырады [2,156.].

«Тағдыр» концептісі-өмірлік мәні бар адамзатқа ортақ концептілердің бірі. Зерттеушілер ғаламның тілдік моделін тануда ең алдымен ұлттың өмір мен тағдыр туралы танымына тоқталады. «Тағдыр» концептісін зерттеу жалпы халықтың дүние тану шеңберін айқындауға негіз болып табылады. Дүние болмысы-адамның өз болмысы. Бұл бірлікті халық санасында «Тағдыр» деген түсінікпен білдірген. Тағдыр-халықтың концептуалды дүниетаным әлемін қалыптастыратын сананың маңызды категорияларының бірі.

Халықта тағдыр мен жазмыш ұғымына қатысты «Жазмыштан озмыш жоқ», «не жаздым», «маңдайына жазылған», «е-е, жазған-ай», «пешенесіне жазылған», «жазығым не», «тағдырдың жазғаны» деген т.б. көптеген сөз қолданыстары қалыптасқан.

Әлемнің тілдік бейнесін М.Ж. Көпейұлышығармалары арқылы әр қырынан тану бізге ғалам және адам, адамның рухани-танымдық мүмкіншілігі туралы жан-жақты терең ақпарат, дерек беретіні сөзсіз. Олай болса, қазақ тіл біліміндегі «тағдыр» концептісі М.Көпеев шығармаларында ұлттың өмір мен тағдыр туралы танымы әрбір ұлттық тілдің ішкі құндылықтарын құрайтын негізгі концептілердің бірі ретінде қарастырылады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының ең ірі концептілік жүйе құрай алатын концепт - өмір, өлім, алла, арұят, махаббат, иман, тағдыр, дін, күн, ай, жұлдыз т.б. тұжырымдамасы. Олар эпитет, тенеу сияқты көріктеу құралдары, сондай-ақ еркін сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер арқылы көрініс табады.

Тағдыр көбінесе діни негізде түсіндіріледі. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өлеңдерінде Қазақтың «*жазмыштан озмыш жоқ*» деген танымына орай, «Қыз жұмбағының шешуі» атты шығармасында: «Үш үй көрдім» - дегені: бірі заманмазы- адамның басынан өткен

заманы. Бірі – заман мастақпыл – адамның алдында, қарсы келешек заманы. Бұл екеуі тұттай жалаңаш. Енді біреуі – «заманхал», қазіргі кездегі адамдардың өмір сүріп жатқан заманы айтылып тұр. «Оның да шиі жоқ», - дегені: шиі болса, желге төтеп берер еді. Адамның басынан дәуренін өшіретұғын жел – өлімі. Қазір тұрған заманның өлімнен алып қалуға шамасы болмаған соң, желге шиі жоқ үй есебінде болғандығын айтқаны» [1, 68 б.]. "Шиі жоқ үйдің жапсарынан шығып кеттім, есігі ойда да жоқ", - дегені: өлім жолын айтқаны. Өлген адам отырған үйінің жабығынан еріксіз шығып кеткен есепті. Есіктен шықпағаны белгілі. Оң жақта жатыр ғой. Жатқанмен, жаны жоқ болғаны- жапсардан шығып кеткен сықылды болғаны - сол. "Осы үйдің есігінен шығайыншы!" - деп, өлім жабдығын ойлаушы мыңнан біреу-ақ болып табылады. Құдай жолына басын құрбандық қылып, өлімді ойлап, жақсылық жолға шығып, сол жолда жүріп өлгендер. Өнеки, үйдің есігінен шыққан - солар. Үйде жатып өлгендер - есік ойында жоқ, жапсардан шығып кеткен есепті. Мұнда ақын тағдыр ретінде адамның қазіргі басындағы күйін, яғни заманхалды алып отырса, өлім оны өшіретұғын жел деп баяндалған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ажалы жетіп, дүние салған адам туралы «тағдыры жетті» деген сөзді «Шайхы Ысқақ» өлеңінде былайша қолданады:

Жарандар: «Жарайды!»- деп, қабыл тұтты,  
Дүниеден тағдыр жетіп, Ысқақ өтті  
Орнына айтқан сөзін келтірісіп,  
Шайхы Ысқақ хазіреттерін дәфән етті.[6,  
93 б.].

Алладан тағдыр жетіп, олар да өтті,  
Замандас, тұстасының бәрі кетті  
Кейінгі қалғандарға өкпеледік:

"Болсайшы, - деп, - болған жан солар  
ретті!"[6, 181 б.].

Жалпы, Құранда тағдыр Алланың қалауымен болады деп түсіндірілсе де, адамның да тағдырға әсері бар екені айтылады. Бұндай ойларды Мәшһүр-Жүсіптің «Мына заман» өлеңінде де кездестіруге болады:

Ешкімге өкпе қылу дұрыс емес,  
Не берсе, берді Құдай, пейілімізден! [6, 180  
б.]

Кем соқса жақсы біліп үйренуді,  
Түбірсіз болған емес тағдыр ісі  
Болса да бір Алланың өзіне аян  
Ықтияр пендесіне беріп тұр ғой. [6, 165 б.].

Мұнда ақын тағдыр Алланың қолында болғанмен ол адамның пейіл, ниетімен, ынта-ерігіне де байланысты деген ой айтады.

Пенденің жасаған істерінің негізінде тағдыр жасалып, жазылады деген ой да бар. Жалпы тағдыр мәселесі екіұдай пікірге сүйеніп, екі түрлі талдануда. Атап айтар болсақ, бірі-адамның тағдыры ол дүниеге келмей жазылып қояды және өмір бойында өзгермейді, екіншісі- адамның тағдыры оның өмірде жасаған жақсы істері мен ойларына байланысты деген пікір. Сонымен, тағдыр концептісі арқылы қазақ мәдениетінде екі негізгі идея байланыстырылады: болашақтың белгісіздігі және адамның өмірінде болып жатқан құбылыстарды бақылаудың мүмкін емес екендігі. Қазақтың ұлттық танымында «тағдырға» қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни, «тағдыр» өмірдің тұщысынан гөрі, ащысынан қолданыс табады. «Тағдыр» мен «өлім», «өмір» концептілері арасында белгілі байланыс бар екендігі сөзсіз. Адам өлімнің алдында да тағдырдың алдындағыдай өзінің дәрменсіз екенін мойындап, өлімді тағдырдың құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды. Ал тағдырдың жазуымен болған барлық жақсылық пен жамандық жиынтығы өмір деп аталады. Сондықтан «тағдыр» концептісін «өмір», «өлім» концептілерінен жеке-дара қарастыруға болмайды. Тағдыр өмір мен өлімнің қосындысы, яғни екеуі қосылып біртұтас тағдырға айналады. Тілімізде «өлім» ұғымын «өмір» компоненті арқылы білдіретін фразеологизмдер бар: «өмірі үзілді, қиылды» (қыршынынан қиылды – жастай кетті, мезгілсіз өлді). Бұл тіркес адамның өмірі мен тағдыры арасындағы құпия байланыс (жіп) жөніндегі түсінігімен байланысты қалыптасқан. Б.І.Нұрдаулетова: «Жыраулар тілінде өлім концептісі дара сипатқа ие. Ол өмірмен салыстырылмайды. Себебі өлім – жыраулық когницияда өмірдің бітуі, аяқталуы емес, екінші өмірдің жалғасуы», – деп тұжырым жасайды. Өлім сөзінің сипаттамалық көріністері: қайтыс болу, көз жұму, қаза табу, дүние салу, шетінеу, бақилық болу, ажалы жету. Ажал діни мағынада тұрақты бірнеше сипаттамасымен ерекшеленеді: 1) адам ажалдан қашып құтыла алмайды, яғни тумақ болса, өлмек те бар; 2) өлу дегеніміз фәни дүниеден бақи дүниеге сапар, жалған дүниені мәңгілік өмірге айырбастау; 3) өлім тағдырында белгіленген, маңдайына жазылған өміріңнен бір сәтте көп өмір сүре алмайсың; 4) дүниеге жалаңаш келген адам, сол қалпында

аттанады, өзіне бар бұйыратыны кебін ғана; 5) ажал адам жанын Жебірейіл алып кетуі нәтижесінде орын алады, яғни Жебірейіл Алланың адам жанын қайтаруға жіберген елшісі; 6) адам жерден жаралған, жерге тәні қайтарылады; 7) жан Алланың аманаты, уақыты жеткенде ол қайтарылып алынады. Бұл Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өлеңдерінде де кездеседі. 7) Діни түсінікте Алладан басқаның бәріне өлу тән, адамның туғаны сияқты өлуі де негізді деп айтылады. Адамның ерте-кеш пе дүниеден өтуі хақ. Мұны Мәшһүр-Жүсіптің «Мұса Шорманұлы» өлең жолдарынан кездестіруге болады:

Өтпейтін дүние бола ма, өлмейтін адам тұра ма?

Бұл опасыз дүниеде

Ойлап тұрсам, ағалар,

Мәңгі суын кім ішкен?! [6, 44 б.] десе, «Өлімнің хикаясы» атты өлең шумақтарынан да көруге болады:

Өлім-хақ: туғаннан сол барша жанға,

Өлімнен қорқып, Хаққа болғыл пенде [6, 227 б.].

Ал «Шайхы Ысқақ» өлеңінде былай көрініс тапқан:

Кешегі жүрген Ысқақ судай тасып,

Ажалдан құтылар ма адам қашып? [6, 92 б.].

Бәрі де туған жанның өліп жатыр,

Тұрсын ба енді нәубет бізге келмей?! [6, 126 б.].

Біреуге ерте, біреуге кеш уақыт болып,

Мәңгілік бұ жалғанда жоқ қой қалар!

Өлімнен қашып дүниенің төрт бұрышын шарлаған Қорқыттың өзі өлімнен қашып құтыла алмайды, қайда барса да алдынан көр шығады. Осыдан қазақта «қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген сөз қалған. [7, 77 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы «тағдыр» концептісінің қолданысы туралы қорытындылай келе, мынадай тұжырым жасауға болады. Адамның ғұмыры – адамның емес, Алланың қолында, соның күдіретінде, оны халық өз санасында тағдыр, «жазу», «сызық» - деп айтады. Демек, адамшылық адамның өз жаратушы алдындағы борышын, парызын сезініп, мойындаудан бастау алмақ. Адам-құдайдың пендесі, сондықтан жаратушы ісіне қол сұқпай, оның күдіретін мойындау адамшылықтың басты қағидасы. Сонда, адам үшін басты қазына – адам болмақ. [8, 77 б.].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кәріпжанова Г.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Қадыров Ж.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Абикенов М.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы ұлттық дүниетаным концептілік жүйесі. БҚМУ хабаршысы № 2 (62) – 2016ж. 267б
2. Поставалова В.И. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 216с.
3. Әбікенова Г. Когнитивтік лингвистика. – Павлодар, 2009. – 101 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том, П-Т. – Алматы, 1985. – 591 б
5. Қарипжанова Г.Т., Жумабекова Б.Қ, М.Ж. Көпейұлы шығармаларындағы «тағдыр» концептісі. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы №1/2016 ж. 68 б
6. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар, 2004. – 4 т. – 535 б.
7. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2011. – 312 б.
8. <http://g.engime.org/-v5.html?page=38>

**Баймуханбетова Мейрамгуль Баймуханбетовна**

**Лауазымы:** филология ғылымдарының кандидаты, «Қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы», С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

**Пошталық мекен-жайы:** 010020, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Е755 көшесі, 11 үй

**Ұялы. тел:** +7 7755023402

**М. Ж. Көпейұлы шығармаларындағы «тағдыр» концептісінің қолданылуы**

**Баймуханбетова Мейрамгуль Баймуханбетовна**

**Должность:** кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахского и русского языков Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина

**Почтовый адрес:** 010020, Республика Казахстан, Нур-Султан, ул. Е755, 11 дом

**Мобильный телефон:** +77755023402

**Использование понятия «судьба» в творчестве Копеева**

**Baimuhanbetova Meiramgul Baimuhanbetova**

**Position:** Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Department of Kazakh and Russian Languages, Kazakh Agro Technical University. S. Seifullina

**Post address:** 010020, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, st. E755, 11

**Mobile phone:** +77755023402

**The use of the concept of "fate" in the work of Kopeev**